



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR

student jastar gazetі

TÚLEGI

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№10 (435) 28 қараша, 2022 жыл



УНИВЕРСИТЕТКЕ

85
ЖЫЛ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің негізі қаланғанына 85 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл тек университет қана емес, еліміздің жоғары білім және ғылым жүйесінің даму тарихындағы маңызды белес. Қазақстанда алғаш ашылған жоғары оқу орындарының алғашқы ондығына кіретін университет экономиканың нақты секторлары, білім беру ұйымдары, ғылым, өнер және спорт салалары үшін ондаған мың жоғары білікті, кәсіби маман даярлады. Білім ордасының түлектері арасында-мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі басшылар, ғалымдар, педагогтер, инженерлер, мәдениет пен спорт қызметкерлері көптеп саналады. Ондаған жылдар бойы сақталған ғалымдардың, оқытушылардың, қызметкерлердің, білім алушылардың шығармашылық әлеуеті, сондай-ақ, алдыңғы буынның озық дәстүрлері-университеттің басты байлығы әрі жасампаздығының кепілі.

Бүгінде университет, шын мәнінде, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-инновациялық дамуының бірегей орталығына айналып отыр. Академиялық саясатты қалыптастырудағы сәтті қадамдар, ғылыми ұйымдар және бизнес қауымдастықпен тиімді ықпалдасу әрі білікті кадрлар даярлау ісіне жаңа идеяларды жүйелі кіріктіру, оқытушылар, жас ғалымдар мен білім алушыларды әлеуметтік қолдау бағытында соңғы жылдары атқарылған нәтижелі жұмыстар қоғамға жақсы белгілі. Осының барлығы ұжым мүшелерінің болашаққа нық сеніммен қарауына мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың отандық ғылым мен жоғары білім жүйесін бәсекеге қабілетті дамыту ісіне барынша көңіл бөліп, ерекше назарында ұстап отырғаны баршамызға аян. Сіздердің шығармашылық табыстарыңыз, батыл ізденістеріңіз, бастамаларыңыз бен кәсіби жетістіктеріңіз Жаңа Қазақстан құру бағытына тиімді қызмет ете берсін!

Мерейлі мерекеге орай Ғылым және жоғары білім министрлігі атынан және жеке өз атыман сіздердің еңбектеріңізге деген шынайы алғысымызды қабыл алыңыздар! Отбастарыңызға бақ-береке, өздеріңізге мықты денсаулық тілеймін!

Ізгі ниетпен

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі

С.НҮРБЕК



**Академик Қ.А. Бисенов:
УНИВЕРСИТЕТТІҢ ӨРЛЕУ ЖЫЛДАРЫ –
ӨМІРІМНІҢ ЖАРҚЫН КЕЗЕҢІ**

Жалғасы 3 бетте



Тарихқа үңілсек, Қылышбай Алдабергенұлы Бисенов университетті ұзақ жылдар бойы басқарған ректорлардың үштігіндегі жан. Әлі күнге дейін университеттің тыныс-тіршілігіне алаңдап, жанашыр болып жүретін ол оқу орнына 20 жылға жуық уақыт басшылық жасаған кезеңдерде «Бисенов мектебін» қалыптастырған белгілі тұлға, көрнекті ғалым, саяси және қоғам қайраткері, өңіріміздің ғылымы мен білімін ұйымдастырушы, тағлымы терең азамат. Өйткені, оның білікті басшы болуымен қатар, білім алушыларға ғана емес, еңбек етіп жүрген жас ғалымдарға да ұстаз бола білгендігін тілге тиек ететіндер арамызда көптеп саналады. Солардың қай-қайсысы да ұстаздық ұлағатын бойына сіңіріп, бір-бір тұлға дәрежесіне жетіп отыр.

Нөмір нақылы:

**БЕРЕКЕЛІ ЖЕРДЕН
МЕРЕКЕ КЕТПЕЙДІ**

Құрметті университет ұжымы!

Сіздерді Сыр еліндегі жоғары білімнің қарашаңырағы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Тарих – тамаша тәмсіл ғой, көнені өшірмейтін, жаңаны жаңғыртатын жылдар жаңғыры жадымызда сақтаулы.

Сонау 1937 жылы Корей педагогикалық институты Қиыр Шығыстан Қызылордаға көшірілді. Институтпен бірге ғаламат ғалымдар, ұлағатты ұстаздар келді. Бұл Сыр халқы үшін білімнің алтын бесігі болды.

Міне, содан бергі 85 жылда бүгінгі университет қалыптасу мен дамудың өнегелі жолынан өтті. Өңірдің инновациялық өрісіне өлшеусіз үлесі бар білім ордасы еліміздің сұранысына сай кәсіби мамандар даярлаудың жоғары мектебіне айналды.

Білім мен ғылымды ұштастырған ұлағат орны оқытудың заманауи түрлері мен әдістерін, жаңа білім беру технологияларын белсенді енгізіп келеді. Ұжымның алған асуы айтарлықтай, бағындырған белесі баршылық, жарқын жеңісі жетерлік.

Оқытушылар мен қызметкерлердің жоғары интеллектуалдық әлеуеті тәуелсіз еліміздің ғылым және жоғары білім саласын нығайтуға, мәдениет пен спортты дамытуға, кадрлардың жаңа буынын тәрбиелеуге мол мүмкіндік әкелді.

Бүгінгі талап жоғары, жауапкершілік те орасан. Аграрлық аймақ өндірісті өңірге айналып, өсу жолына түсті. Осындай жауапты кезеңде университет инновациялық дамудың драйверіне айналуға тиісті.

Жыл сайын жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік мүмкіндігі аз отбасы балаларын Қорқыт Ата университетінде оқыту үшін арнайы білім гранттары бөлінуде. Сонымен қатар, жас ғалымдардың ғылыми потенциалын көтеру мақсатында археологиялық және аграрлық сала жобалары қолдау тауып келеді. Келешекте бюджет есебінен қаржыландырылатын экономика салалары бойынша мамандық санын көбейту жоспарлануда. Бюджеттен тыс қаржы есебінен университеттің инновациялық - инвестициялық жобаларының, компанияларға қажет ғылыми-техникалық жұмыстарының тиімді жүзеге асуына облыс басшылығы барынша атсалыса береді.

Мерейтой құтты болсын, мәртебе арта берсін! Сіздерге мықты денсаулық, бақыт пен береке, облыстың игілігі мен еліміздің гүлденуі жолында тың бастамалар мен жаңа жетістіктер тілеймін!

Қызылорда облысының әкімі
Н.М.НӘЛІБАЕВ

ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНДЕ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев адами капиталды дамытудың тіректі салалары ғылым мен білімге ерекше көңіл бөліп, бұл салалардағы ауқымды өзгерістерді өзінің жіті бақылауында ұстап келеді.

Жаңа реформалар аясында жоғары оқу орындарының басқарушылық, білім беру мен ғылыми қызметінің барлық құрылымдық

Азия университеттерінің рейтингінде (769 ЖОО кірген) университет 2022 жылдың қорытындысы бойынша 551-600 орындар арасынан көрінді. Ұжымды жігерлендірген тамаша жетістік жаңа белестердің бастауы іспеттес.

Профессор-оқытушылар құрамының 50%-ның ғылыми атақ-дәрежесі бар. Білім мен

Университет тарихында тұңғыш рет 2021 жылы жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін қолдау үшін арнайы 4 грант бөлінді. Жастарды ізденіске жігерлендірген жағымды үрдіс жыл сайын жалғасын таба бермек.

Ғалымдарымыз еуропалық серіктестермен бірлесіп, 2021-2025 жылдар аралығында ғылыми жоба тақырыбы бойынша «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханада тәжірибелер қоюда.

Жоспарлы жұмыстар нәтижесінде «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы» журналының «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» бағыты ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді.

Ел Президентінің «Болашақ» бағдарламасы бойынша 7 ғалымымыз АҚШ, Германия, РФ, Белоруссия елдерінің жетекші ғылыми орталықтарында 12 айлық тағылымдамадан өтуде.

Инновациялық идеяларды қолдаудың «Кәсіпкерлік орталығы» арқылы 2021-2022 оқу жылында студенттер тарапынан 46 стартап жоба орындалып, 14,3 млн.теңге инвестиция тартылды.

Облыс көлеміндегі мектеп оқушыларын ғылымға баулуға ғалымдарымыз белсене атсалысуда. Соңғы үш жылда 125 оқушының халықаралық, республикалық ғылыми жұмыстар конкурсы мен олимпиадалардың жүлдегері атануы, осынау келелі әріптестіктің жемісі.

Білім беру жүйесінде цифрландыру жұмыстары ерекше қарқын алуда. Виртуалды Университет 4.0 концепциясы аясында 2025 жылға дейінгі жоспарымыз-онлайн университет деңгейіне шығу.

Инфрақұрылымды дамытуға бөлінген қаражат жылдан-жылға артып келеді. Университет тарихында алғаш рет ғылыми кітапхананың Студенттер сарайындағы қызмет көрсету бөлімі модернизациялаудан өтті. Жаңа үлгідегі кітапханалық кеңістік OPEN SPACE форматында іске қосылды. Білім алушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 51 оқу дәрісханасына күрделі жөндеу жүргізіліп, оның 11-і демеушілер есебінен жөнделіп, оқу үдерісі талаптарына сай жабдықталды.

БАҚ және әлеуметтік желілердегі белсенділіктің арқасында еліміздегі ең белсенді университеттер үштігіндегі орнымыз да берік.

Құрылғалы бері қоғам мүддесі үшін 70 мыңдай кәсіби маман даярланса, соңғы 5 жылдың өзінде 7036 бакалавр, 1034 магистр түлеп ұшты.

Мерейтой өткенді қорытындылайтын, бүгінгіні саралап, ертеңге бағдар құратын сәт десек, ұжым болып атқарған жасампаз жұмыстарымыз игілігімізге айналып қана қоймай, кемел келешегімізге де берік іргетас болып қалануда.

Халқымыздың данагөйі Қорқыт Баба есімін иеленген университетіміздің абыройы асқақтай берсін!

Каримова Бейбіткүл Сәрсемханқызы,
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
Басқарма төрағасы-Ректоры



және мазмұндық құрамын қайта жаңғыртуға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылды. Осынау бетбұрысты кезеңмен тұспа-тұс, Алаштың Анасы атанған Сыр өңіріндегі тарихы терең, бірлігі бекем, дәстүрі кенен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін басқару ісі сеніп тапсырылғанын ерекше мәртебе санаймын. Жауапкершілігі зор қызметіндегі алғашқы күннен бастап ұжымның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мәселесін басшылыққа алдым. Жалпы үш жыл ішінде (2020-2022 жж.) университет бюджеті 2 еседей өсті.

Университетте енгізілген оқытушылар мен қызметкерлерді ынталандырудың жаңа жүйесі өз жемісін беруде.

Бағындырған белестеріміз уақыт өткен сайын көбейе түссе, барлық жетістіктің кілті ұжымның берекелі бірлігі пен еселі еңбегінде жатқаны айқын.

Университеттің коммерциялық емес акционерлік қоғам болып қайта ұйымдас-тырылуы, сөз жоқ, даму тарихымыздағы бетбұрысты белес, жаңа кезең. Көпбейінді жетекші жоғары оқу орнының дәстүрлі қызметі өңірдің экономикасы үшін ғана емес, ел экономикасы үшін де білікті кадрлар даярлау болғандықтан 2025 жыл деңгейіндегі стратегиямызды бекіттік. Стратегияның білім, ғылым саласындағы ұлттық жобалармен, Қызылорда облысының Өңірді дамыту бағдарламасының мақсат-міндеттерімен тығыз үйлестірілгенін айта кету орынды.

Ұжымның бірлескен жұмысы нәтижесінде 2020-2022 жылдары университет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) жасақтайтын ҚР сұранысқа ие ЖОО Ұлттық рейтингінің ТОП-10 құрамына тұрақты орнықса (7-8 орындар), биыл 16 білім беру бағдарламасы (6 бакалавриат, 4 магистратура, 6 докторантура БББ) үздік үштікке енді.

Ғылымға елеулі үлес қосқан әріптестеріміз: мемлекеттік - Парасат (1), Құрмет (6) ордендерімен, Ерен еңбегі үшін медалімен (9), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері құрметті атағымен (4) және ведомстволық - Ы.Алтынсарин (25), ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін (23) және ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері (31) төсбелгілерімен марапатталған.

Өткен оқу жылы «Профессор-зерттеуші» және «Оқытушы-зерттеуші» жаңа лауазымдары енгізіліп, оқытушы моделі нарық талабына сай жаңа құзыреттіліктермен толықтырылды. Қызылорда облысының білім беру саласын жаңа формациядағы кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санаттары бар педагог кадрлардың үлесін арттыруға, педагогтарды киберпедагогика және қашықтықтан оқыту әдіснамасы негіздері бойынша оқытуға барынша ықпал етудеміз.

Көптілде білім беру бағдарламаларын жетілдіру және ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу, әлемнің жетекші университеттерімен қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламалары іске қосылуда. Өткен оқу жылында 3 жаңа білім беру бағдарламасы (бакалавриат БББ: әкімшілік әділет және география-тарих; магистратура БББ: мұнай газ ісі), РФ Томск политехникалық университетімен бірлескен магистратура бойынша 3 қосдипломды бағдарлама ашылса, Новосібір мемлекеттік университетінің механика-математикалық факультетінің филиалын ашу мәселесі күн тәртібінде тұр.

Профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы жүйелі жүзеге асырылуда.

Сырөңіріндегана емес, елімізге жақсы танымал техника ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ұлттық Құрылтайдың мүшесі, Қорқыт Ата университетінің Құрметті ректоры Қылышбай Алдабергенұлымен білім саласының бүгінгі жай-күйіне байланысты сұрақтар бойынша ой бөлісудің сәтті түскен еді. Мерейтой қарсаңында ұлағатты ұстазбен болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

Академик Қ.А. Бисенов: УНИВЕРСИТЕТТІҢ ӨРЛЕУ ЖЫЛДАРЫ – ӨМІРІМНІҢ ЖАРҚЫН КЕЗЕҢІ

- Сіз басшылық жасаған уақыттағы университеттегі басты талап қандай болды?

-Ең алдымен Университеттің 85 жылдық мерейтойымен барлық әріптестерімді, шәкірттерімді, студенттерімді құттықтаймын! Жұмыстарына шығармашылық табыстар тілеймін! Алға қойған мақсаттарына жетуіне тілектеспін.

Енді тақырыпқа оралсақ, қандай кезеңде болсын ЖОО қойылатын негізгі талап - уақыт көшіне ілесе отырып, сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру, кәсіби біліктілігі жоғары, сұранысқа ие мамандар даярлау. Қоғамның дамуы үшін және өмірдің, экономиканың үнемі өзгеріп отыратын беталыстарына бейімделу мақсатында тұлғалық және кәсіби әлеуетін толыққанды іске асыра алатын жоғары білікті кадрлар деңгейін қамтамасыз ету.

Университетте басшы қызмет атқарған жылдары жоғары білім беру саласында көптеген өзгерістер орын алды. Дәстүрлі қабылдау емтиханы тесттік жүйеге ауыстырылды, кредиттік оқыту технологиясына көшу, қашықтықтан оқыту процесі енгізілді. Жаңа мамандықтар ашылып, бакалавриат, магистратура, докторантура тәрізді көпдеңгейлі білім беру жүйесі жұмыс істеді. Алғашқылардың бірі болып жоғары білім беруді ұйымдастыруға сапа менеджменті жүйесін енгізуді жүзеге асырдық. Уақыт сұранысына сәйкес, білім беру процесінде ақпараттық технологиялар кеңінен енгізілді. Білім беру процесіндегі барлық жаңашылдықтарды тізіп жату мүмкін емес. Мұның бәрі үлкен күш-жігерді, қатаң тәртіп пен талапты қажет етті. Осындай ауқымды істердің жоғары деңгейде ұйымдастырылуына тікелей жауапты болып, уақытпен санаспай, барлық мүмкіндіктерімді жұмсағанымды сеніммен айта аламын.

- Университет басшылығында болған кезеңдердегі білікті оқытушыларды атап өтсеңіз?

- Мен әрқашанда профессор-оқытушыларымызды, әріптестерімді құрметтеймін. Әр кафедрада ғылым докторлары, профессорлар, ғылым кандидаттары, доценттер өз мамандықтарына сәйкес білікті ғалымдар, әріптестерім жұмыс істеді. Ұстаз қашанда өз шәкірттеріне үйретуге ниетті екендігі анық. Профессор-оқытушылардың еңбектерін бағалау мақсатында 2011 жылдан бастап «Үздік оқытушы» стипендиясы тағайындалып, оның иегерлері болған әріптестерім көптеп саналады. Бәрінің атын атап, түсін түстеп шыға алмасым анық, қай-қайсысы да оқу процесін сапалы ұйымдастыруға, студенттерді жоғары білімді маман етіп шығаруға өз үлестерін қосқан білікті мамандар. Университеттің даму, өркендеу жолында ұжымның бірлескен қызметі нәтижесінде алға қойған міндеттер мен қолға алған бастамаларды жоғары көрсеткішпен орындай алдық. Республика ЖОО рейтингісі бойынша университет кезінде 5 орынды иеленген.

- Өміріңіздің мәні білім-ғылым саласы екенін қалай түсіндіңіз? Ғылымға деген қызығушылығыңыз қалай оянды?

- Ғылымға деген қызығушылығым студент кезден басталды. 1979 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын үздік бітірдім. Институт қабырғасында жүргенде студенттердің ғылыми қоғамы болатын.

Қазақстандағы құрылыс саласындағы бірінші ғылым докторы, профессор Жармағанбетов Болат Саябекұлы кафедра меңгерушісі еді. 2-ші курстан бастап бізді ғылыми-тәжірибелік жұмыстарға баулыды. Нәтижесінде, институтты бітірген соң, сол кездегі жоғарғы және арнаулы білім министрлігінің жолдамасымен кафедрада стажер-зерттеуші болып қызметімді бастадым. Сол кездерден алдыма қойған үлкен мақсатым аспирантурада оқу, ғылыми ізденістермен айналысу болды. Бойымдағы ғылымға деген қызығушылығым мені адастырмағаны ақиқат. 1980-1982 жылдары Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда қаласындағы филиалында оқытушы, 1982-1985 жылдары КСРО Мемлекеттік құрылыс комитетінің Бетон және темірбетон ғылыми зерттеу институтында аспирантурада білім алдым. Кейін басшылық, ұстаздық қызметімді одан әрі ғылыми ізденістермен ұштастыра отырып, техника ғылымдарының докторы атандым. Осылайша, 1980 жылдан бастап туған жерім -Қызылордаға келіп, жоғары білім беру саласында үзбестен еңбек етіп келемін. Жалпы, менің тағдырым білім, ғылымға арналған. Университет – менің тағдырым, ондағы еңбек жолым – өмірімнің жарқын кезеңі.

- Ғылымға қадам басқан жастардың бойында қандай қасиет болу керек?

- Сапалы әрі терең білім арқылы ғана ғылымға жол табуға болады. Сосын еңбекқорлық қасиеттері маңызды. Ғұлама ойшыл Әл-Фараби айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы». Бұл тізімде адамның адамгершілік құндылықтары қоса жүретіні сөзсіз. Ғалымды ғалым ететін 4 нәрсе бар: ерік-жігер, сабырлылық, терең білім, еңбексүйгіштік. Ғалым өзінің идеясымен емес, оны іске асырумен айналысуы керек - деп ойлаймын.

- Дәрістерді қалай тыңдауға кеңес бересіз?

- Дәрістерді тікелей оқытушы мен студенттің толық қатысуымен аудиторияда тыңдауға кеңес беремін. Сонда ғана сапалы білім беруге болады. Түсінемін, ақпарат әлемінде өмір сүріп жатырмыз. Қашықтықтан оқыту технологиясы бар, және бұл дұрыс. Дегенмен, оқыту әдістерін қажетіне қарай пайдалану керек. Негізінде базалық жоғары білімді мұғалімнің қатысуымен игерген абзал. Бұл өмірдің ақиқат шындығы.

- Бүгінгі білім алушыларға мотивациядан басқа не керек? Оларға бірінші кезекте нені үйреткен дұрыс?

- Ол тікелей білім алушыға байланысты. Студент алдына қандай мақсат қойды? Тек «диплом алсам болды» деу мақсат емес. Сапалы, заман талабына сай, еңбек нарығын қанағаттандыра алатын маман болуға ұмтылған жөн. Бүгінгі таңда әлемдегі бүкіл ақпарат қолында телефоны бар адамның алақанында. Ең басты мәселе, алған білімді, білген ақпаратты қажетіне қарай пайдалануда. Қазіргі заман талабы – кез келген мамандықты ақпараттық технологиямен байланыстырып оқыту. Жаңа төртінші революциялық дәуірге өттік. Уақыт ағымы бұрынғыдай емес, өте жылдам. «Егер біз ғылымды таңдамасақ, ғылымды таңдаған ел бізді таңдайды,» - деген сөз бар. Бұл дегеніңіз озық елдерге тәуелді болып өмір сүру. Сондықтан ғылымды таңдаған

жас ғалымдарды тәрбиелеу біздің стратегиялық бағытымыз болу керек. Елімізді алға жылжытатын білім мен ғылым екені даусыз.

- Заман талабынан туындап, өзектілігі артып отырған онлайн білім беруге сіздің көзқарасыңыз?

- Онлайн білім беру өзінің өміршеңдігін дәлелдеді, міндетін орындады. Кешегі пандемияның кезінде қажеттілігіне сай қашықтықтан оқыту жүйесі енгізілді. Қазір оқу орындары білім алушының сұранысына сәйкес жауап беретін кезең. Аудиторияда отырып білім алуға жағдайы келмейтін, онлайн білім алуға мұқтаж білім алушыны қашықтықтан оқыту арқылы сұранысын орындауымыз, жағдай жасауымыз қажет. Заман солай. Мақсатқа жетудің түрлі тәсілдерін қолдануға мүдделі болу біздің өмірлік ұстанымымызға айналуы тиіс.

- Жалпы университеттегі білім беру сапасы туралы ойыңыз қалай?

- Университетте еліміздегі жалпыға ортақ білім беру стандарттарына сәйкес бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейінде білім беру жүзеге асырылуда. Сапалық деңгейі басты мәселе, әлбеттесіне жоғары болу үшін білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартып отыру қажет. Мемлекеттік қызметті айтпағанда, қазір барлық жұмысқа мамандарды тек қана біліктілігіне, білім деңгейіне сәйкес қабылдайды. Қоғам болып сол жүйеге көшіп отыр. Сондықтан қазір бірінші кезекте білім мен біліктілік ескеріледі. Оған қоса ақпараттық технологияны толық меңгерген, шетел тілдерін жетік игерген мамандарға деген сұраныс жоғары.

- Қазіргі кездегі оқу орнының қандай жетістігіне көңіліңіз толады?

- Студенттеріміз - белсенді, оқытушыларымыз - халықаралық жобаларды жүзеге асыруда өзіндік орны бар білікті мамандар. Ірі ғылыми жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Әрбір сала бойынша, атап айтқанда, «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың, «Археология және этнология», «Қорқыттану» ғылыми орталықтарының ғалымдары, профессор - оқытушыларымыз өз деңгейінде жетістіктерге жетіп келе жатыр. Университет ғалымдарының әрбір жетістіктеріне ерекше қуанамын.

- Алдағы уақытта университет дайындайтын қандай кадрларға сұраныс артады және оқу орнының бұл үдеден шығу мүмкіндігі қандай деп ойлайсыз?

- Келешекте мынандай мамандыққа сұраныс артады деп айту қиын. Әлемде, елімізде, өңірімізде қай сала дамып келе жатыр? Оған талдау жасау керек. Анығы, ақпараттық технология бойынша білім сапасын арттыруға ерекше мән беріп, жаңа технологиялар, инновацияларды игеру керек. Соған лайықты еңбек ете алатын, өзінің орнын сенімді түрде нақтылай алатын кадрларды даярлау ісі зор міндеттер жүктейді.

Көптеген сындарлы белестерден өтіп келе жатқан өңіріміздегі көшбасшы ЖОО, ол – Қорқыт Ата университеті, сондықтан бірлігі бекем ұжымның алар асулары биіктей берсін! Шығармашылық табыстары молая берсін!

- Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан: Р. Садуова

Біліктілер көтерген білім ордасы

«Сыр еліндегі іргелі білім ордасы» кітабындағы естелігінен қысқартылып алынды

Құт береке дарыған Сыр өлкесінде ауылшаруашылығы саласын дамыту мәселесі 1960 жылдарда ерекше көтерілді. Үкімет пен партияның пленумдарында, съездері мен қарарларында бұл салаға қаржы бөлу мәселесі нақты көрініс тапты.

1965 жылы Азық-түлік бағдарламасының қабылдануы республикада ауылшаруашылық саласының дамуына айрықша қарқын берді. Атқарылуы тиіс істер көп болатын. Осы міндеттерді жүзеге асыратын жоғары білімді, білікті мамандар жергілікті жерде тапшы еді. Сондай қажеттілікті ескере отырып, Сыр өлкесінде инженер мамандар даярлайтын жоғары оқу орнын ашу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Сөйтіп, 1976 жылдың 10 шілдесінде Қызылордада Жамбыл гидромелиоративтік - құрылыс институтының филиалы ашылды. Жаңа оқу орнына ескі техникумның корпусы берілді. Білікті мамандар жоқтың қасы. Материалдық – техникалық база жоқ. Инженер мамандарға әлеуметтік жағдай жасау туралы обком мен облыстық атқару комитетінің арнайы шешімі болғанымен іс жүзінде жүзеге аспаған. Алайда, алғашқы ұстаздардың энтузиазмы, патриотизмі арқасында ғана аталған оқу орны студенттерге өз есігін ашты. Филиалдың басшысын сайлау мәселесі талқылана келе, бұл жауапкершілік маған сеніп тапсырылды.

Осылайша, Сыр өлкесіне аса қажетті ауылшаруашылық инженерлерін дайындайтын жоғары оқу орнын басқаруға кірістім. Алғашқы жылдары 3 мамандық ашылды. Оған 150 студент қабылдауға жоспарланған болатын. Небәрі ұжымда 15 қызметкер болса, оның 3-уі ғана ғылым кандидаты еді. Бірінші кезде мамандар тапшылығы білім беру ісінде біраз қол байлау болғаны шындық. Дегенмен біздер қиындықтан қорықпай аз күшпенен орасан зор ұйымдастырушылық жұмыстарын атқардық. Қарқынды еңбектің нәтижесінде дер кезінде оқу басталды. Осы жерде ұжым қызметкерлерінің еңбегіне қоса Қызылордадағы Жеңістің 20 жылдығы көшесі бойындағы оқу ғимаратын қайта қалпына келтіріп аудиторияларды оқу процесіне керекті құрал-жабдықтармен, қондырғылармен және жиһаздармен жабдықтауда облыстық су шаруашылығы, «Қызылорда сушаруашылығы» тресінің басшылығы тікелей қолдау көрсетіп, демеушілік жасағанын айта кету орынды. Сол сияқты ПМК-33, ПМК-17 мекемелері де материалдық және техникалық көмек көрсетті. Облыстық атқару комитеті корпусстарды күрделі жөндеуден өткізуге қаржы бөлді.

Келесі 1977 жылы филиалдың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін кадрлардың ғылыми әлеуетін көтеріп, оқу процесінің сапасын арттыру мақсатында жаңа оқу кешенін салу мәселесі қолға алынды.

Осылайша қалаға кіре берістегі зәулім ғимараттар бой көтерген болатын. Әрине, бұлардың құрылысын жобалау, керекті қаржы мен материалдар табу, ғимараттарды күрделі қондырғылармен және арнайы

құрал-жабдықтармен жасақтау жұмыстары ерекше ерік-жігерді, табандылықты қажет еткенін айтып жату артық болар.

Оқу процесіне қажетті зертханалар жасау жаңа оқу орны үшін өзекті мәселе еді. Бұл істе оқытушы - мамандар электрлі приборлардың макеттерін өздері әзірлеп, өнертапқыштарша сол жобаны да өз қолдарымен дайындады. Біздің ізденімпаздығымызға, керек десеніз, мәскеуліктер де таң қалатын. Алғашқы қабылдаған студенттеріміз 3-4 курсқа барғанда оқу процесіне қажетті зертханалық двигательдерді МИС-тен, көршілес Шымкент, Жамбыл облыстарынан алдырып, жетіспеген құрал-жабдықтар мен қондырғыларды оқытушы-мамандарымыз қолдан құрастырып машина-трактор паркін жасақтадық. Менің Шардарадағы жолдастарым да жаңа оқу орнына көмек ретінде 5 вагон құранды үйлерді тегін жіберді. Қызылордадағы достарым оқу-тәжірибе кешендерінің көбеюі үшін санаспай-есептеспей көмек қолдарын созды. Үй демекші, облыстағы басқа мекемеге берілгелі дайын тұрған жаңа ғимаратты облыстың бірінші хатшысы И.Әбдікәрімов бір түннің ішінде бізге бергізіп, көшіп алғанбыз. Кейіннен каншама блоктар, зертханалар қазіргі Қызылорда қаласына кіре берісте бой көтерген зәулім ғимараттар, «Жігер» асханасы, жатақханалар бой көтерді. Осы ретте облыс басшысы И.Әбдікәрімовтың институтқа қызметке келген ғылым кандидатына кезексіз пәтер бергізуі оқу орнының кадрлар әлеуетін көтеруде айрықша көмек болғанын айта кету орынды.

Ендігі кезекте мамандардың ғылыммен шұғылдануына айрықша көңіл бөлуге тура келді. Бұл көрсеткіш бойынша біздің филиал республика көлемінде алға шығып кетті деуге болады. Оның дәлелі бір мезетте аспирантурада 70-тен астам маман оқытуға мүмкіндік алған едік. Бұл игі дәстүр кейінгі жылдары ұлғаймаса кеміген жоқ.

Кадрлар әлеуеті артқан сайын институтымыздың даңқы өрлей бастады. Жаңа мамандықтар ашылып, факультеттер саны артты. Тиісінше жаңа оқу ғимараттарын салу қажеттілігі туды. Кеңес дәуірінде бұндай кешенді құрылыстардың жобасы Мәскеу арқылы бекітілетін. Күнтүні тынымсыз ізденістің, жанашыр азаматтардың арқасында оқу-ғимараттарын салуға қол жеткіздік. Бұл ретте сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Т. Есетов, депутат, батыр ана С.Жұмабековалардың да көмегі шексіз болды. Құрылыс жобасының одақ бойынша күрделі құрылыс Бас басқармасының есебінен тікелей қаржыландырылуы біздің үлкен жеңістеріміздің бірі болды. Осылайша 1982 жылы Құрылыс факультетінің ғимараты салына бастады. Кейіннен облысқа ауылшаруашылығы мамандарын дайындайтын ЖОО қажеттігін жете түсіне білген білікті облыс басшысы Е.Н.Әуелбеков көптеген құрылыс мекемелерін ортақ игілікті іске жұмылдыра білді. Жаңа оқу ғимараттарының қондырғылармен, ар-

найы құрал-жабдықтармен, оқу-тәжірибе зертханаларымен жабдықталып, көлемді оқу кешендердің жасалуы да негізінен алғанда жергілікті өз мамандарымыздың қабілеті арқасында жүзеге асты. Ресейдің



Новочеркасск қаласындағы ЖОО-нан сызба үлгілерін алдық. Осы бойынша әріптес достардың арқасында жаңа сападағы қайталанбас оқу кешендері қолданысқа берілді. Біздің бұл жетістіктерімізге Жамбылдағы бас оқу орнының ректоры М.Үркімбаевтың өзі таң қалғаны есімде. Себебі, бұндай көлемді құрылыс облыс бойынша сол кезеңде тек қана Қызылорда қаласында ғана жүргізіліп жатқан еді. Аталған оқу кешендерінің 40-50% студенттердің практика кезінде өз қолдарымен жасалғанын айта кету керек. 1981 жылы республика Орталық комитетінің жауапты хатшыларының бірі С.Құбашевтың қатысуымен алғашқы түлектерге диплом берілді.

Білікті мамандарымыз Ресейге, көршілес Орта Азия елдеріне жолдамамен жіберілді. Келесі кезекте инженерлік ғылымды көтеруге бар күш-қайратымызды жұмсай бастадық.

Жас ғалымдар толқыны қалыптасып, институт меншігіндегі зертханаларда көлемді ғылыми-зерттеу жобалары жүргізіле бастады. Ғылыми дәстүрдің негізі қаланды. «Қызылордада қандай техникалық ғылым дамуы мүмкін, бұл - Бишімбаевтың тамыртаныстығы арқасында қолдан жасалып жатқан шаралар», - деп күмәнданғандар да болмай қалған жоқ. Алайда, ғылымдағы біздің кейінгі жетістіктер бұл күмәннің бұлтын сейілтті, біздің мамандарымыздың ғылымдағы тамаша табыстарына көпшіліктің көзі жете бастады.

1989 жылы өзімнің докторлық диссертациям дайын болды. Оны мен 1991 жылы Мәскеуде табысты қорғадым. Бұны айттып отырған себебім мен жергілікті жерде қорғаған бірінші ғылым докторы атандым. Біздер жасаған кейбір технологияларды республика көлемін айтпағанда Канада, Ресей, Тәжікстан, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Украина сияқты алыс-жақын шетел ғылыми мекемелері мен өндіріс орындары сұрата бастады.

Нағыз мойындалу көрсеткіші осындай сұранысқа ие болу емес пе?!

Менің Қызылордадағы ауылшаруашылығы инженерлері институтын 20 жыл бедерінде басқарған кезімде елжанды азаматтармен қызметтес болғанымды қуанышпен, қызыға еске ала отыра, атап өткім келеді. Осы аталмыш ЖОО-ның дамуына өзіммен бірге көптеген әріптестерім өлшеусіз үлес қосты.

У.Қ.БИШІМБАЕВ,
техника ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА академигі



АСУЛАРДАН АСЫРҒАН ҰЛЫ ШАҢЫРАҚ

«Сыр еліндегі іргелі білім ордасы» кітабындағы естелігінен қысқартылып алынды

Тоқсаныншы жылдар кешегі КСРО оқу-ағарту саласының тарихында есте қаларлықтай ауыр кезең болды. Үкімет бюджетте бекітілген қаражаттың өзін тауып бере алмай, оқу-тәрбие процесі іркес-тіркес жүйесіз жүре бастады.

Қалай қылғанда да, алпыс жылдан астам тарихы бар дәстүрлі оқу орнын сақтап қалу басты парызымыз еді. Осы міндетті абыроймен орындап шықтық деп нық сеніммен айтуға болады. Институт беделін ұстап тұрудың қолда бар мүмкіндіктерінің бәрін пайдаландық. Мәселелерді мамандардың кеңесімен шештік. Ең қарапайымы екінші жатақханадағы барлық техникалық торапты бірінші қабатқа түсірдік, себебі жатақхананың бесінші қабатына судың көтерілу қабілеті төмен. Бұл санитарлық жағдайды сақтау амалы.

Институт тізгінін қолыма ұстаған жылдары он бір мамандық бойынша білім беріп, санаулы саланы айналдыратын едік. Мамандықтар санын, мамандар іздеп тауып,

рұқсатты министрліктен алып, аз уақытта отыз жетіге жеткіздік. Бұл қайдан туған идея? Ол кезде еліміз бойынша жетекші мамандарды Алматы қаласы дайындайтын. Қоғамдағы алуан түрлі қиыншылық пен тапшылықтан ата-аналардың сыртта бала оқытатындай жағдайы болмады. Алматының да әлеуметтік жағдайы толқымалы. Ондағы институтқа түскен студенттің тоңып-жаурап, қарны ашып тағы да тосын жағдайларға ұрынып қалуы мүмкін. Сонда жас ұрпақ өкілінің өтпелі кезеңдегі өмірі не болмақшы? Институт тарихында бұрын-соңды болмаған этнография, дизайн, археология, құқықтану, шығыстану, журналистика, менеджмент, хореография, сәнтану, технология тағы да басқа салалар бойынша бөлімдер ашу қолға алынды.

... Мамандықтар көбейген сайын жаңа оқу ғимараттарын ашу кезек күттірмейтін қажеттілікке айналды. Амалсыздан әкімшілікті жағалап жүріп, жетпесіне министрлік өкілдеріне өтіл салдырып, оқу-өндірістік комбинаты ғимаратын алып, оған бірнеше бөлімді көшірдік. Осындай тағы бір ғимаратты «Шұғыла» мөлтек ауданынан

да алуға қолымыз жетті. Көп кешікпей Сырдария ауданының әкімі Оңалбек Сәпиевтің шешімімен бұрын «Сырдария» пионер лагері болып келген демалыс ғимаратын меншігімізге өткізіп, студенттердің демалыс қалашығын жасадық. Қысқасы, ректорлық қызмет атқарған жылдары екі оқу ғимаратын алтыға, бір ғылым докторын сегізге, алпыс ғылым кандидатын жүз жиырмаға жеткізіп, сегіз бірдей азаматымыз Мәскеуден профессор, доцент ғылыми дәрежесін алды. Аты әлемге әйгілі жырау Алмас Алматов пен Ақмұрат Жетпісбаев доцент атына ие болды.

Мені өсіріп, тәрбиелеп, әрқашан сенім көрсеткен университет ұжымы алыста мұнартып тұратын «Диірментөбеден» (туған жері) бір де кейін емес.

Кейін қала әкімі қызметінде де, сенатор лауазымымда да Қорқыт Ата университетінен қол үзгенім жоқ. Ұлы Абыз бабамыздың атын беруге біраз тер төккен маған университет жоғарыда айтқанымдай, «Диірментөбемнен» кем емес. Оның табыстарына қуанып, әттеген-айларына ренжіп жүремін. Өйткені, университет мені үлкен жолға, биіктерге жетелеген ұлы шаңырақ!

Бақберген ДОСМАНБЕТОВ,
экономика ғылымдарының
докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі



ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ БОЛҒАН УНИВЕРСИТЕТ

Құрметті Сыр өңірінің жоғары білім саласының қара шаңырағы атанған Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы!

Қадірменді әріптестер мен студенттер! Сіздерді оқу ордасының 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Сонау 1937 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институты атанған университет ғасырға жуық уақыт ішінде мыңдаған түлектерге сапалы білім мен саналы тәрбие берді. Тарихы тереңнен бастау алатын университет өзінің даму белесінде түрлі кезеңдерден өтіп, үнемі алға ұмтылып, білім мен ғылым саласында жаңалықтар мен жақсылықтардың жаршысы болып келеді. Оқу орнын бітірген мамандар білім-ғылым, өнер, мәдениет, спорт, техника, ауыл шаруашылығы және т.б. салаларында да зор табыстарға жетіп, еліміз үшін аянбай еңбек етуде.

Мерейтой қарсаңында университеттің дамуына елеулі үлес қосқан О.К.Камардинов, Б.С.Досманбетов, А.Н.Канцев, М.Қ.Киреев, Қ.Ж.Жаңабегенов, Ю.А.Ким, М.С.Авербух, Ш.Н.Күдебаева, В.Г.Дронова, В.А.Ким, Б.Қ.Қашқынбаев, Х.Е.Нұғманова, Ж.Б.Сәтбаева және басқа да көптеген ұлағатты ұстаздарымыздан, профессор ағайларымыздан терең білім, тәлімді тәрбие алдық. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» - дегендей, осы кісілердің жолын қуып, оларға ұқсау, сол кісілердей болу - біздің үлкен арманымыз, өмірлік мақсатымыз болатын.

Мен осы оқу орнында 1975-1979 жылдары физика-математика мамандығы бойынша оқып, үздік бітіріп шықтым. Жақсы оқып, үлгілі шәкірт болып, ұстаздарымыздың назарына ілініп, сол кісілердің қолдауымен, бағыт-бағдар беріп жол көрсетуімен университетте қалдырылып, ұстаз

болу бақыты бұйырды. Пушино қаласы (Ресей) РҒА Биофизика институтында ғылыммен айналысып, стажер-зерттеушісі, аспиранты болып, ғылым кандидаты, ғылым докторы атандым. Туған университетімнің ректоры қызметіне дейін көтерілдім.

Бұдан әрі ҚР Білім және ғылыми министрлігінде департамент директоры, екі комитет төрағасы, ЖАК төрағасы, Жауапты хатшы, ҚР Президенті жанындағы басқару академиясының ректоры, ҚР Президенті әкімшілігінің Мемлекеттік инспекторы - Астана қаласының кураторы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті болдым. Өмірде қандай биіктерді бағындырып, қандай жетістіктерге жетсем, ол өзімді түлеткен оқу орнымның, ұлағатты ұстаздарымның үлкен еңбегі, сол кісілердің маған артқан зор сенімі деп білемін. Өмірден өз орнымды тауып, үнемі алға ұмтылуыма ықпал еткен физика-математика факультетін айрықша мақтанышпен айтқым келеді.

Университет ұжымын осы айтулы мерекемен құттықтай отырып, ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге жеміс, жаңа биіктерді, жарқын белестерді бағындыра берулеріңізге тілектеспін! Жоғары білікті, сапалы мамандарды даярлай отырып, еліміздің өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қоса беріңіздер!

Алдағы уақыттарда оқу орны QS, THE Халықаралық рейтингтеріне еніп, ғылым жолындағы табыстары мен жетістіктері еселеп арта беретіндігіне кәміл сенемін!

Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, бақыт пен табыс, отбастарыңызға қуаныш-шаттық, жарқын болашақ, гүлденген өмір тілеймін!

Болатбек АБДРАСИЛОВ
Қарағанды индустриялық университетінің
ректоры, биология ғылымдарының
докторы, профессор ҚР ҰҒА
корреспондент-мүшесі

Құттықтамаймыз!

Университеттің Ғылыми Кеңесінің №3 отырысында 85 жылдық мерейтой аясында «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Құрметті профессоры» атағын беру жөнінде қаулы қабылданып, жүзеге асырылды.

Нәтижесінде жоғары оқу орнын дамытуға елеулі үлес қосқан бірқатар ғалымдар Мұрат Бақтиярұлы, Өмірзақов Серікбай Ыдырысұлы, Қалиев Бақыт Қалиұлы, Майгельдиева Шарбан Мұсабекқызы, Наурызбаев Асылбек Жұмабайұлы, Жанбершиева Ұлжан Нахатқызы, Бағдат Кәрібозұлы, Саданов Амангелді Құрбанұлы, Тапалова Анипа Сейдалқызы, Оңғар Бермаханов университеттің «Құрметті профессоры» атанды.

Профессорлар қауымын марапаттарымен шын жүректен құттықтай келе, отбастарына амандық, мықты денсаулық, қоғамның алға жылжуына қосар игі үлестеріңіз көп болсын дегіміз келеді.



ТҮЛЕКТЕРДЕН ТІЛЕК



Байманов Шахмардан Асқарұлы
(2001-2005 жж., Қаржы және қаржы құқығы мамандығы)

Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы

Құрметті Бейбіткүл Сәрсемханқызы! Сізді және Сіз басқаратын ұжымды университетіміздің 85 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Отандық білім беру тарихында өзіндік қолтаңбасы бар Қорқыт Ата университеті – ой-санасы биік, кәсіби әлеуеті жоғары кадрлардың бірегей ұстаханасына айналған киелі білім орны. Адами капитал сапасын арттыруға елеулі үлес қосып жүрген барша профессор-оқытушылар құрамына, студенттер мен түлектерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Мерейлі сәтте университет ұстаздарына шексіз алғысымды білдіремін! Студенттеріңіз ең батыл идеялар мен инновациялық жобаларды жүзеге асырып, университетті жаһандық деңгейдегі интеллектуалдық орталыққа айналдырғай!



Жүнісов Абайбек Талғатұлы
(1990-1995 жж., Гидрометеорология мамандығы)

АҚШ - тың Джордж Вашингтон университетінің зерттеуші-ізденушісі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент

Қасиетті Сыр өңіріндегі ғылым мен білімнің, мәдениеттің ордасы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне биыл торқалы 85 жыл толып отыр.

Осыдан 85 жыл бұрын аймаққа көшірілген Қиыр Шығыс Корей педагогикалық институты негізінде ашылып қызметін бастаған, кейіннен Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті, Ыбырай Жахаев атындағы Қызылорда политехникалық институтымен бірігуі негізінде қайта құрылған университет бүгінде 100-ден астам білім бағдарламалары бойынша білікті мамандар даярлайтын іргелі білім шаңырағына айналды. Түлектерінің арасынан академиктер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Еңбек Ерлері шыққан университеттің халықаралық қауымдастық пен білім кеңістігінде беделі мен мәртебесі биік.

Осындай деңгейге жетуіне уақытпен санаспай ерен еңбек сіңіріп, мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, оқу ордасын басқарған аға буын азаматтардың жүріп өткен жолы жас ұрпаққа өнеге.

Мен өзім де осы оқу ордасының түлегі екенімді әрдайым мақтаныш етемін, жетістігіне риясыз қуанамын, кезінде дәріс берген ұстаздарыммен қазіргі күні әріптес болып қызмет атқарып келеміз.

Қасиетті қара шаңырақтың мерейлі мерейтойы құтты болсын! Ынтымағы мен ұйымшылдығы жарасқан университет ұжымының алар асулары зор, бағындырар белестері биік бола берсін!



Шайтұрсын Дәулет
(2004-2008 жж., Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы)

Алматы облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы

Сыр елінің бас білім ордасы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымын 85 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Университет ұжымы маған қоғамдық өмірге бейімделуді, адамдармен тез тіл табысуды, көшбасшы болуды, мансапқа жетуге ұмтылуды үйретті. Қазіргі жетістіктерім университет қабырғасында жүріп үйренген пайдалы білім мен қабілеттің жемісі десем артық емес. Университет үлкен табысқа жете берсін. Білікті, бәсекеге қабілетті түлектер көп болсын!



Тулєндиев Ерлан Ернисович
(2000 - 2005 жж., Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікте қозғалысты басқару мамандығы)

“ҚТЖ экспресс - Южный” АҚ филиалының директоры

Құрметті университет ұжымы!

Еліміздің жоғарғы білім беру саласында елеулі орны бар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойы қарсаңында өзімнің ақ тілек лебіздімді білдіргелі отырмын. Университет қабырғасында қанатымызды қатайтып сапалы білім, саналы тәрбие алдық. Қызығы мол студенттік өмір біз үшін үлкен мақтаныш, көптеген достар таптық. Ұстаздарымыз Қылышбай Алдабергенұлы, Роза Сердәліқызы және Есқалиева Гүлнар апайларымызға алғысым шексіз. Ұстаздардың ұлағатын бойымызға сіңіріп, бұл күндері егеменді еліміздің экономикасының дамуына өз үлесімізді қосудамыз. Университетіміз қасиетті дәстүр жалғастығын сақтай білген, жастарды заманауи біліммен сусындатып, қазіргі қоғамның алғашқы легінде бой түзген оқу орны. Университет ұстаздарының ұшан - теңіз еңбектері еліміздің жарқын болашағы үшін атқарылғандығын біз жақсы түсінеміз. Осы үшін Сіздерге мың алғыс қадірменді – Ұстаз!



Ибрагим Рауан Ибрагимұлы
(2014-2018 жж., Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы)

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ Стратегия және халықаралық ынтымақтастық басқармасының бас менеджері

Осыдан 85 жыл бұрын университетіміз құрылып, білім мен ғылымның ордасына айналды. Сол уақыттан бері мыңдаған түлек түлеп ұшып, алған білімінің жемісін көруде. Бүгінде Сыр елінің жетекші жоғары оқу орнының ардақты ұстаздары еліміздің зияткерлік, мәдени әлеуетін нығайтуға елеулі үлес қосатын ғылыми зерттеулермен айналысуда. Соның арқасында университет ұлттық рейтингіде 8 орынды иемденіп отыр. Сүйікті университеттің мерейлі мерекесінде Сіздерге толағай табыс, жетістіктер тілеймін. Кемел білімді мемлекетті қалыптастыру жолында алға қойылған мақсат-міндеттеріңіз мүлтіксіз орындалып, алар асуларыңыз көп болсын!



Тұрсынбай Құлахмет Мұлдаахмедұлы
(2011-2015 жж., Бастапқы әскери дайындық мамандығы)

Аймағымыздағы жетекші білім ордасы – Қорқыт Ата университетін 85 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Мен үшін өзім оқыған, білім алған оқу орнының мәртебесі қашан да биік. Университет қабырғасында жүріп, түрлі деңгейдегі халықаралық, республикалық жарыстарға кеткенде үнемі тілеуімді тілеп, олжалы оралуым үшін тақымын қысып отыратын университет ұжымы – менің ең жақын тілеулестерім. Жеңіс тұғырынан көрініп, талай додада асығымыз алшысынан түскенде осы білім ордасы қуанышпен күтіп алып, мерейімізді өсіріп келеді. Шаршы алаңға шыққанда артымда қорғаушым бола білген, сүйінші сұрайтын хабарды асыға күтетін университетімді әрдайым мақтан етемін.

Тарихы тереңнен сыр шертетін оқу орнының беделі артып, заманауи маман даярлау жолындағы еңбектері табысты болсын! Қазақ елін әлемге танытатын түлектерінің қатары арта берсін!



Ибраев Уалихан Серікұлы
(1998-2002 жж., Тарих және құқық мамандығы)

Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының азаматтық қоғам институттарымен жұмыс бөлімінің басшысы

Сыр өңірінің альма-матері атауына толық лайық, білім мен ғылымның қарашаңырағы Қорқыт Ата атындағы университетіне биыл 85 жыл! Үлкен өмірге қанат қақтырған оқу орнына, барша ұстаздар қауымына алғысым шексіз! Университетте алған білім мен біліктіліктің арқасында бүгінде Ұлы Абай атамның өсиет-өлеңіндегі «Сен де бір кірпіш, дүниеге кетігін тапта, бар қалан!» сөзін іске асырудамыз. Университет басшылығы мен ғалым-ұстаздардың жаңа идеялары мен креативті шешімдері көп болып, үздіксіз өсіп-өне берсін! Білім алушы жастарға білім мен тәрбие негіздері дари берсін!



Омаров Қазыбек Опабекұлы
(1998-2003 жж., Бухгалтерлік есеп және аудит мамандығы)

“Қазақстан астық одағы” заңды тұлғалар бірлестігінің төраға орынбасары, сарапшылар кеңесінің мүшесі, ресми өкілі

Қорқыт Ата университетінің ұстаздарын, студенттерін және түлектерін 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Сыр өңірінде кәсіпкерлікті, экономиканы, ауыл шаруашылығын, білім беру саласы мен мәдениетті дамытып отырған университеттің еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының арасында беделі жоғары.

Мұнда студенттер терең теориялық білім, жоғары дейгейлі кәсіби дайындық, жан-жақты практикалық тәжірибе алады. Университеттің инновациялық әлеуетін тұрақты арттыру оның бәсекеге қабілеттілігінің кепілі деп білемін.

Университет ұжымына қарқынды өркендеуді, дақты дәстүрлердің арта түсуін және білім алушылар қауымына зор денсаулық, ғылыми-зерттеу қызметінде жаңа жетістіктер тілеймін!



Дәуренбеков Қуаныш Қойшығұлұлы
(2000-2005 жж., Ақпараттарды өңдеу мен басқарудың компьютерлік жүйелері мамандығы)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары

Сыр өңірінде білім және ғылым, өнер мен мәдениеттің қайнар көзіне айналған Қорқыт Ата университетінің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Еліміздің еңселі, әлемге белгілі жоғары оқу орнының одан әрі көркейе беруіне тілектеспін! Ел ертеңі-жастардың арманына айналған университеттің берекелі ұжымы мен «өзіндік ахуалы» қалыптасқан ортасы бар. Ендеше, университеттің профессор-оқытушылары мен барлық қызметкерлеріне толағай табыстар, шығармашылық жетістіктер мен отбасылық бақ-береке тілеймін!

МЕРЕЙІҢ ҮСТЕМ ТҮЛЕКПЕН

Оқу орнының мәртебесі түлектерімен айшықтала түсетіні анық. Осы ретте, 85 жылдық мерейтой аясында 2022 жылғы 5-ші қарашада I Түлектер форумы ұйымдастырылуы университет тарихындағы тың жаңалық.

Қазіргі күні өңір экономикасы салаларындағы мамандардың 80 пайызға жуығы біздің түлектер. Олар қай жұмыста болмасын өз ісінің шебері атанып, өз университетінің дәрежесін көтеріп жүр. Құрылғалы бері экономика және қоғам мүддесі үшін 70 мыңдай кәсіби маман даярланды.

Мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, педагогтар, инженерлер, экономистер, журналистер, заңгерлер, белгілі кәсіпкерлер, еңбек, спорт және өнер майталмандары - университетіміздің шынайы мақтаныштары.- деді өз сөзінде Басқарма төрағасы-ректор Бейбіткүл Сарсемханқызы

Диплом алып, үлкен өмірге қадам басқан кім-кімнің де жүрек түкпірінде университет естеліктері сақталуы табиғи нәрсе. Форумда «Мансап» ЖШС бас директоры, іскерлік әкімшіліктендіру магистрі (МВА), ағылшын тілі мамандығының түлегі София Абдуразакова, «First Heartland Jysan Bank»

АҚ Қызылорда облысы филиалының директоры, іскерлік әкімшіліктендіру докторы (DBA), халықаралық қатынастар мамандығының түлегі Роман Цой, филология ғылымдарының докторы, профессор, университет түлегі Жеңіс Сәдуақасұлы пікір білдірді. Өз кезегінде университет түлегі, Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов университет көптеген жастың тұлға болып қалыптасуына үлкен ықпал еткеніне тоқталды. Сондай-ақ, үздік түлектер студенттермен жиі кездесіп, «Жетістіктер формуласы» атты шеберлік сағатын өткізіп, байланыс орнату қажеттілігі туралы ойымен бөлісті.

Түлектер қауымдастығының жаңа жетекшісі болып университеттің корпоративтік хатшысы, экономика ғылымдарының кандидаты Гүлшат Дүзелбаева сайланды. Бірқатар түлектер Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Үздік түлек» медалімен марапатталды. Алдағы уақытта университет пен Түлектер қауымдастығы оқу ордасын дамыту бойынша бірлескен жол картасын даярлау жөнінде келісімге келді.

Еліміздің әр саласында қызмет етіп жүрген түлектер оқу орнының әрбір жетістігіне қуанатынын, білім ордасының жаңа даму деңгейіне көтерілуіне, ауқымды бастамаларды жүзеге асыруына қолдан келгенше үлес қосатындарын жеткізді.

«СТ» - ақпарат

ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ ТАЙМАНОВ ОҚУЛАРЫ

Университеттің 85 жылдығына арналған іс-шаралар аясында 2022 жылғы 25 қарашада «Қазіргі заманғы математика: проблемалары және қолданыстары» тақырыбында III халықаралық Тайманов оқулары болып өтті.

Топология, математикалық логика және модельдер теориясы салаларына сүбелі үлес қосқан ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА академигі Тайманов Асан Дабысұлы 1947-1954 жылдар аралығында Қызылорда педагогикалық институты «Жоғары математика» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. Ол оқытушылар мен студенттерге арнап математикадан ғылыми семинарлар ұйымдастырып, математикалық конкурстар мен кештерді өткізу үрдісін енгізген. Сондай-ақ, оқушылардың тұңғыш қалалық және облыстық математикалық олимпиадаларын ұйымдастырған.

Ғалымның бастамасымен 1968-1970 жылдары Қазақстанда С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде «Алгебра және математикалық логика» кафедрасы, Математика және механика институтында «Алгебра және математикалық логика» зертханасы мен қолданбалы бағыттағы зертханалар, Республикалық физика-математика мектебі ашылғанын да айта кету орынды.

Осымен үшінші рет өткізіліп отырған конференцияның пленарлық мәжілісінің жұмысын Қорқыт Ата атындағы университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры Бейбіткүл Каримова кіріспе сөзбен ашып,



жүргізсе, Ресей ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Искандер Тайманов, ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Асқар Жұмаділдаев, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, математика және математикалық модельдеу институты бас директорының орынбасары, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Бектұр Байжанов, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Виктор Вербовский, университеттің доценттері: Төребай Ділман, Бақыт Қалиев құнды да қызықты баяндамаларын оқыды. А.Д.Таймановтың шәкірттері, ғылыми іс-шараға қатысушылар мен қонақтар 6-оқу ғимаратындағы академик А.Д.Таймановтың бюстіне гүл шоқтарын қойды.

Конференцияның 2 секциясы бойынша 60-тан аса баяндама тыңдалып, математиканың қазіргі қолданыстары және жаратылыстану пәндерін жаңаша оқытудың проблемалары мен әдіс-тәсілдері кеңінен талқыланды. Бұл тұрғыда белгілі ғалымдардан бастап ғылымға жаңадан қадам басқан зерттеушілер өз тұжырымдары мен ой-көзқарастарын ортаға салды.

Сыр өңірінде математикаға қызығушылығы артқан жастар легінің көбеюі көңіл қуантады. «Ізгіліктің іздері үзілмейді» деген осы.

«СТ» - ақпарат

ЖАҚСЫНЫҢ ЖОЛЫ ЖАЛҒАСАР

Жаңаша даму жолында қарқын алған уақытта да даналық пен өмір тәжірибесінің қайнар көзі ардагерлердің кеңесіне құлақ асатын сәттер жиі болып жататыны шындық. Өмір жолында сыналып, шындалған жандардың ақыл-кеңесі жастарға айнымас бағдаршам десе де болады. Ендеше, университет ұжымы ардагерлермен тұрақты байланыс орнатып, аға буынды ардақтау үрдісінен жаңылған емес. Қазірде оқу орнында 278 ардагер есепте тұрса, олардың 79-ы әлі де білім беру ісіндегі абыройлы қызметін жалғастыруда.

Университеттің 85 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ардагерлерді ардақтайық» атты тұңғыш форумда оқу орнының қалыптасуы мен даму жолында елеулі үлес қосқан ардагерлер бас қосып, пікір алмасты.

Халқымыз қашанда үлгі мен өнегенің сарқылмас бұлағындай, ой – парасаты биік аға буын өкілдерін құрмет тұтқан. Қай кезде де ауқымды жұмысты үлкеннің ақ батасымен бастап, ақыл-кеңесін тыңдаған. «Қариясы бар үйдің – қазынасы бар» деп, үлкеннің сөзін берекенің бастауы санаған. Сындралы сәтте шындалған, өмірлік тәжірибесі мол, тағылымды жол көрсетер ардагерлер – біздің рухани құндылығымыз, шынайы жанашырларымыз, – деді Бейбіткүл Сарсемханқызы.

Форумда бірқатар аға буын өкілдері университеттің «Үздік оқытушы» медалімен, ректордың «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев ардагер ұстаздардың университеттің 85 жылдық тарихында мыңдаған шәкірт тәрбиелеуге, білім беру саласының дамуына сіңірген қажырлы еңбегін атап айтты.

Университеттің ардагерлер кеңесінің төрағасы, экономика ғылымдарының кандидаты Қазыбай Құдайбергенұлы «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» республикалық ұйым төрағасының медалімен және «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің ең жоғарғы марапаты – Орталық кеңесі төрағасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

«Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамберлиевке, «Физика және математика» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Пажарбек Сапарходжаевқа, «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы Серікбай Қошқаровқа облыстың «Құрметті ардагері» медалі табысталды.

Ал, «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының ардагері Зинаида Сексенбаева облыстың «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Форумда «Дидар» халықтық фольклорлық-этнографиялық ансамблі, «Сыр сұлуы» вокальды ансамблі өнер көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

«СТ» - ақпарат

ТАРИХ БЕТТЕРІН ПАРАҚТАСАҚ



1937 жылы

Қиыр Шығыс Корей педагогикалық институтының Қызылорда қаласына қоныс аударуы негізінде Қызылорда педагогикалық институты ашылды.

1937-1941 жж.

Қызылорда педагогикалық институтымен бірге Мұғалімдер институты қатар жұмыс атқарды.

1941-1945 жж.

Қызылорда педагогикалық институты базасында эвакуацияланған Киев және Харьков университеттері орналасып, бірге жұмыс істеді.

1952 жылдың наурыз айында

Қызылорда педагогикалық институтына Н.В.Гоголь есімі берілді.

1976 жылдың 13 шілдесінде

Қызылордада Жамбыл гидромелиоративтік - құрылыс институтының филиалы ашылды.

1990 жылдың 15 қарашасында

Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының филиалы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институты болып қайта құрылды.

1992 жылдың 12 ақпанында

Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлер институтына Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, екі дүркін Социалистік Еңбек ері Ыбырай Жақаевтың есімі берілді.

1992 жылдың 21 сәуірінде

Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына Ұлы дала философы Қорқыт Ата есімі беріліп, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда педагогикалық институты болып қайта аталды.

1996 жылдың 7 мамырында

- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда педагогикалық институты Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті болып қайта құрылды.

- Ы.Жақаев атындағы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлер институты Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты болып қайта құрылды.

1998 жылдың 24 наурызында

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті мен Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты біріктіріліп, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды.

2012 жылдың 28 сәуірінде

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ретінде қайта ұйымдастырылды.

2020 жылдың 1 шілдесінен

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам ретінде қайта құрылды.

УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕКТЕРІМЕН БАҒАЛЫ

Университеттің 85 жылдық мерейтойына орай іс-шаралар кезең-кезеңімен өткізілуде. Солардың қатарында ауқымды да айрықша шараның бірі «1 Түлектер форумы»-ның өтуі оқу орнының өмірінде тың жаңалық болды. Форум ұстаздардың да, түлектердің де, жалпы қатысушылар тарапынан жоғары бағасын алды. Өткен күннен әдемі естеліктер айтылып, сағынышты кездесулерге толы болған іс-шара жүрек тебірентерлік оқиғаларымен ерекшеленіп түсті. Форум аясында түлектермен өрбіген әңгіме барысын назарларыңызға ұсынамыз.

- Университет қабырғасында жүрген кездердегі қызықты естеліктермен бөліссеңіз...
- Сағынышпен еске алатын ұстаздарыңыз туралы айтып өтсеңіз... Осы күнге дейін ұстанатын ұстаз ұлағаты қандай?
- Студенттік шақта қалыптасқан өмірлік қағидаларыңыз бар ма? Оның қалыптасуына нендей себеп болды?



Мақпал Шакирова: «Дәстүрлі музыка өнері және хореография» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, ҚР «Мәдениет саласының үздігі»

1. Қызықты кездер өте көп болды. Университеттің барлық іс-шараларында, концерттерде өнер көрсеттім, сонымен қатар университет жанынан құрылған «Дидар» халықтық фольклорлық-этнографиялық ансамблінің солисі болдым. Ансамбль құрамында көптеген гастрольдік іс-сапарларда жақсы концерттік бағдарламалар қойдық. Студент болғаннан кейін әрине оқу процесі бірінші орында тұрады ғой. Педагогика, философия, Қазақстан тарихы, саясаттану, ырғақ, музыка пәндерін қызығушылықпен оқыдым. Пән оқытушылары да өте білімді, әрі сабаққа деген қызығушылықты оятатын ұстаздар болды. Сондықтан да университетті өте жақсы оқып, үздік бітірдім.

2. Сағынышпен еске алатын ұстаздарым, «Вокал класы» пәнінен дәріс берген ұстаздарым Ақдаулетова Қаракөз, Төлегенова Миуа, саясаттану пәнінен Әбенев Ербол, Әпенев Болат, магистратурада оқып жүрген кезде Нұғманова Хадиша, Майгельдиева Шарбан апайлардың дәріс

бергендері ерекше болғандарын атап айтқым келеді. Осы кезге дейін ұстанатын ұстаз ұлағаты: мұғалімнің білімділігі, жүріс-тұрысы, киім киісі, жайдары мінезі, адамгершілігі, тіпті сырт пішіні, осының барлығын осы ұстаздарымыздың бойынан көре алдым және маған өмірлік ұлағат болып қалды десем артық айтпаймын.

3. Өмірдің әр сәтінен сабақ ал! Адамдар сенен көмек сұраса, қол ұшын созудан бас тартпа! Үш нәрсені ұмытпа: өзінді құрметте, өзгелерді құрметте және өзің жасаған әрбір іс-әрекетіңе жауап бере біл!

Бағдат Нәлібаев: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің Павлодар облыстық департаментінің басшысы

1. Студенттік кездерімде баға жетпес, қайталанбас тарихи сәттер көп болды. Қаражат жағы да қиындау кез. Бір күні азанда ұйықтап қалыппын. Асығыс автобусқа міндім, қалтамда ақшам жоқ. Кері қайтатын жол жоқ, сабаққа үлгеруім керек. Қоғамдық көлікте аяқ асты мылқау болып ымдап ем, кондуктор «түсе беріңіз» деді. Сабақтан қалмау үшін осындай да айла жасаған сәттер болған.

2. Менің ұстамдылығым ұстазым Қошқаров Серікбай ағайдан дарыған деп айта аламын. Әдепті, сөйлеген сөздері «қара тасты қақ жаратын» өткір жүзді ағайға, көрген жерде әлі күнге дейін «осы кісі қазір не айтады екен?»- деп қарап тұрамын.

3. Университет қабырғасынан өмірге қалай басуды, егер биікке, шыңға шығуды ойласан, ағысы өте қатты болатынын, дегенмен межелеген мақсатқа жету үшін сол ағысқа қарсы жүзу қажеттілігін ойға түйдім. Жоғары білім алу барысында сана сезімді оң бағыттап, ақыл - парасатымды өткірлеуге мол мүмкіндіктер жасалды.

Қазіргі әрбір жетістігім, елге қызметім университет қабырғасында алған білім мен қолыма ұстаған қаламымның, өмір додасында қадамымды нық басуға негіз болғандығына көзім анық жетеді.

Мақсат Дауылбай: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Үздік түлек» төсбелгісінің иегері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі

1. Студент кезден есімде қалған ең ыстық, әрі ең қызық оқиға дәстүрлі «Студенттер көктемі» фестивалінде орын алған еді. Факультетаралық

жарыс кезі, мен байқаудың шығармашылық тұрында өз өлеңдерімнен дайындалған прологта өлең оқуым керек болған. Сценарлық жоба бойынша қойылымда оқылатын өлеңдерімнің көпшілігі мұңды еді... Прологта ойнайтын студенттер сценарийдің ауанына сай ахуал қалыптастырып жатыр, дәл менің шығатын уақытымда байқауға қатысушы қарсылас факультеттің бір студенті келіп мені әбден қытықтасын... Сасқалақтағаным сонша, сахнаға қарқылдай күліп шығып, мұнайып оқитын өлеңімді күліп оқыдым... Прологта рөлдері бар студенттер маған аң-таң боп қарайды, мен оларға қарап тағы күлемін... Сездірмеуге тырысып, прологты алып шықтық. Дәл сол кезде осы әрекет маған жасалған қастандықтай көрінген, соңғы жылдары сол оқиға есіме түсіп, әбден күлдім... Шындығында, балаң көңілмен жасалған іс болса да, есте қалатын қызық болып тұр ғой!



2. Әрине! Дәл осы сәтте кафедрамыздың доценті, филология ғылымдарының кандидаты, жақында ғана өмірден өткен оқытушымыз Күлшәт Қамзаева есіме түсіп отыр... Жайсаң кісі еді... Ақжарқын күлкісінен ақ жүрегі көрінетін... Біздің университетте ұзақ жылдар еңбек етіп, қазір Еуразия Ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі қызметіне ауысқан, филология ғылымдарының кандидаты Гүлмира Әшірбекованың да дәрістерін аңсап кетемін. Дәрістері рухани құндылықтарға бай еді. Өзімді алғаш студент болған күнімнен «совхоз директоры» деп атаған Аякөз Әбдіразақова, әні де, сәні де әдемі Асыл Оразова, өте ұқыпты, әрі жауапты оқытушымыз Зухра Ермағамбетова, тобымыздың алғашқы кураторы Қарлығаш Сүйінтаевалардың алдында өткен уақыттарымды жиі еске алатыным бар. Өзінің биік болмысымен, қайраткер қалпымен, асқан зерек көзқарасымен маған тау секілді боп көрінген осы университеттегі бірегей адам болса, ол – сол кездегі университет ректоры, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, академик Қылышбай Алдабергелі Бисенов еді. Ал, енді маған ұстаз ретінде ұстаным қалыптастырған оқытушы – филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева. Оның бір қиындыққа душар болғанымда: «Әл-Хорезмидің «Жұрт сүйгенді Құдай да сүйеді» деген сөзі бар, Мақсатжан! Қандай жағдайда да жұртыңа жағымды іс істе!» деген сөзі менің ғұмырлық ұстанымыма айналып кетті.

3. Бірде маған «Алтын домбыра» иегері, айтыскер ақын Мұхтар Ниязов «Ханмен ханша, құлмен құлша сөйлесу керек. Ханның алдына барып, өзіңді құлша ұстасан, хан басынады!.. Құлдың алдына барып, өзіңді ханша ұстасан, құл басынады!..» деген... Дәл сол сөзді естігеннен кейін мен кіммен қалай сөйлесу керектігін ұғына бастадым. Мен ол кезде студент едім!..

Гүлбану Жақсылықова: Әл-Фарабиатындағы Қазақ Ұлттық университеті, «Физикалық химия, катали және мұнай химия кафедрасының доценті.

1.Ең бақытты кезең – студенттік кезең дейтін болсақ, мен бақытты студенттік кездерді басымынан кешірген жанмын. Себебі, білім алған университетім, факультетім, кафедрамыз, ұлағатты ұстаздарымыз және адал достар тапқан өте тамаша бір уақыт аралығы. 1998-2002 жылдары Жаратылыстану факультетінің «Химия» мамандығы бойынша білім алдым. Тобымызда 15 қыз бала және 3 ер бала оқыдық. Топтың барлығы

дерлік «жоспарлы», қазіргі тілмен айтқанда грант бөлімінде оқыдық. Біздің тобымызда білімді жастар көп болғандығы сол – бүгінгі таңда бір топтан 3 ғылым кандидаты шыққан, оның екеуі қауымдастырылған профессорлармыз. Басқа да группаластарымыз Қазақстанның әр өңірінде білім саласында үлкен қызметтер атқаруда.

Ең есте қалатыны, қызықты химия, жарыса айтатын семинар сабақтары. Дене шынықтыру пәніне 9-корпустан ағылған студенттер, бір-бірін қуалап, жүгіре жарысағын Арбаттың бойы, мерекелік іс-шаралар өтетін Студенттер сарайы... Бәрі-бәрі арада 20 жыл өтсе де күні кешегідей көз алдымда.

Сол кездегі ректорымыз Қылышбай Алдабергелі Бисеновтың қолдауымен, педагогика кафедрасының ұстазы иманды болғыр Дінісламова Гүлжамила Молабекқызының жетекшілігімен жасақталған «Ұлағат» педагогикалық отрядын ең алғашқы құрғанымыз. Көкшетауға, Қостанайға педотрядты құру мақсатындағы іс-сапарлар, мұның барлығы студент үшін өте ерекше кезең болатын.

2. Білім нәрімен сусындатқан ұстаздарымыз – ең алдымен алғашқы «Бейорганикалық химияның» дәрісін оқыған, әрі біздің 4 жыл бойы кураторымыз, ауылдан келген әрбіріміздің анаға деген сағынышымызды басып әлпештеп, екінші анамыздай болған Тапалова Анипа Сейдалиевна. Сонымен қатар, менің үлкен өмірге қадам басуыма зор үлесін қосқан, аспирантураға түсіп, бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кандидаттық диссертациямды қорғауға жол салған – Абызбекова Гүлмира Мыңбайқызы. Химияның оқыту методикасын бүкпесіз, боямасыз үйреткен Күлбарам Сәдуақасқызының жаны жәнәтте болсын дейміз. Әрбір қиын ситуацияда қол ұшын беруге дайын тұратын Шолпан Омаровна Еспенбетова, Наренова Сауле Маратовна. Факультетімізде әрбір пәннен білім берген ұстаздарымның атын қызыл әріппен жазар едім. Сол кездегі кафедра меңгерушісі Нарманова Роза Абдибекқызы, декан болған Тоқтамысов Әсет Мырзаханұлылар өте мықты басшы болды.

3. Біздің студенттік шақтарда «Өзін-өзі басқару» ұйымдары ашылды. Назаров Есенжолдың басқаруымен Жастар ісі жөніндегі комитетке қарасты «Студенттік деканат» ұйымы болды. Мен ең алғаш «Жаратылыстану» факультетінің студенттік деканы қызметін оқумен қатар алып жүрген ең белсенді студенттердің бірі едім. Сол кезден бастап адам ең алдымен өзін-өзі басқару керек, ешкімнен үміт күтіп, аңтарылып бірденені тосып отырмауы және өзін-өзі дамытып оқу, іздену, сауатын кеңейту, білімін молайту, жан-жақты көзі ашық, көкірегі ояу адам болып қалыптасу керек деген ой түйдім..

Ақмарал Түрспенбетова: Педагог-зерттеуші, № 176 орта мектебінің химия және биология пәндерінің мұғалімі, «Үздік сынып жетекші-2022»



облыстық кәсіби сайыстың жеңімпазы

Мен, 1998 жылы университеттің 9-шы оқу ғимаратына Жаратылыстану факультетінің «Химия және химиялық технология» кафедрасына Х-98-1 оқу тобына 1-ші курс студенті болып қабылдандым. Топта 18 студент болдық. Мен группаның старостасы болып сайландым. 2-ші қыркүйекте сабақта мұғалімді күтіп отырсақ, аудиторияға суық қабақ танытып, бір жас жігіт кіріп келді. «Мен сендердің мұғалімдерің бола-

мын» деді. Ойымызда түк жоқ, дәптерлерімізді алып, бар назарымызды соған аударып, үнсіз, үрке қарап отырмыз. Аудиторияда сілтідей тыныштық орнаған соң, есіктің арғы жағында біреулердің сылқ-сылқ күліп тұрғаны естілді. Бұл жерде бір шикілік бар екенін сезгендей: «Сіз қай сабақтан бересіз?» деп сұрағаным сол, оқытушымыз күлкісін жия алмай аудиториядан жүгіріп шығып кетті. Сөйтсек, олар 4-ші курс студенттері екен. Біз алғашқы студенттік сәттерді осылай алданып бастағанымыз бар. Университеттің қабырғасында жүріп, «Химия аруына» қатысып, би билеп, жүлделі орынға ие болып, «Алғыс» алғаным да есімде.

Бір күні қысқы уақытта «Час пик» КВН-нің қатысушылары, (ол кезде мен КВН-нің белсенді қатысушысы болғаным) басқа өңірлерден де келген қатысушылар бар Каир ресторанына шақыру алдық. Гардеробқа киімдеріңді шешіндер - деген соң, сырт киімдерімізді өткізуге барсақ, барлығымыздың киімімізді бір жерге тастады. Қайтағын уақытта, сатып алынғанына екі - ақ күн болған курткам жоғалып кетті. Сонымен, үйге қайтқанша команданың жігіттерінің сыртқы киімдерін кезек-кезек киіп әрең жеттім.

2. Мен осы мектепте ұстаз болып, жетістікке жетуімнің бірден-бір себебі - Университетте терең білім алған ұстаздарымның шеберлігінен деп білемін. Химияның әрбір бөлігін егжей-тегжейлі үйреткен ұстаздарымыз сабақты әр студенттің санасына жететіндей етіп ынты-шынтысымен түсіндіретін еді. Ұстаздық шеберлік бірден пайда болмайды, уақыт өткен сайын, үлкен еңбектің нәтижесінде қалыптасады. Осы университет қабырғасында алған білім – менің мұғалімдік қызметімнің іргетасы болды. Білімің, білігің жетіп жатса, әлемнің қай түкпірінде болсын еркін еңбек етуге болатындығын түсіндім.

3. Студенттік өмір – бұл кезең жоғары оқу орнында білім алған әрбір адамның өмірбаянындағы ұмытылмас шақтары. Жастық шақ таусылмас күшқайратқа толы, өмірге деген құштарлық, ғылым мен әлемді танудың ең шарықтау кезеңдерінің бірі. Студенттік өмір – бұл кез келген жан үшін тәтті, жылы және ең қызықты сәттерді басынан кешірген кез деп айтсаң қате болмас. Себебі, студенттің арманы, мақсаты, қызығушылығы мен тыныс-тіршілігі адамдарға әрқашан да жақын.

Адам баласы үшін шынайы өмірдің мәні білімді игеруде жатыр. Адамның жаратылыс мақсаты: көріп - білу, үйренгенін басқаға үйрету. Сондықтан, мен ұстаздық жолды таңдадым.

Айжан Абдуллаева: «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары

1.Студенттік шақтарды бақытты сәттерге толтырған қызықты естеліктер өте көп. Әйтеуір күнде бір қызық, бір оқиға табылатын. Әлі күнге дейін ұстаздармен, группаластармен ақжарқын күйде бір-бірімізді сағынып тұрамыз.

2. Біздің ұстаздарымыз бүгінде медиа саласы қызметкерлерінің үшінші буынын тәрбиелеп жатыр екен. Журналистика мамандығы бойынша осыдан 20 жыл бұрын әкесі оқыса, биыл сол әкелердің алды балаларын болашақ журналист ретінде білім алуға осы Қорқыт Ата университетінің мамандарына – ұстаздарына алып келді. Бұл – үлкен құрмет! Мұны өз мамандығыңның болашағына сеніммен қарау, ұрпақтар сабақтастығы деп қабылдаймын.

3. Сіздің санаңызда «жаман» деген пікір қалыптастырған адамның өзінің бір жақсы жағы болады, сондықтан ешқашан ешкім туралы жаман ойлама және айтпа. Менің жүрегімді махаббатқа толтырған студенттік шақтан алған ең үлкен дәрісім осы.

Сауалнаманы жүргізген М.Базарханова.

Редакциядан: Кешегі студент бүгінгі қоғам қайраткері, білікті басшы, тәжірибелі маман. Оның өмір жолының қалыптасу кезеңінің бір сатысы университетпен байланысты болды. Уақыт белесінде қандай биікті бағындырса да шәкірт өмірінің мәнін кіргізіп, сәнін келтіруге ықпал еткен оқу ордасы әрбір жүрек түкпірінде сақталары аян. Міне, «Түлектер форумының» маңыздылығы осында жатса керек.

Кітап ақылына ақы сұрамайтын асыл қазына

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 1937-2017 жылдардағы тарихы келесі еңбектерде көрініс тапқан:


1. Қзыл-Ординский педагогический институт им.Н.В. Гоголя. 50 лет (1937-1987жж.). Проспект. – Қзыл-Орда: Типография №12, 1987.
2. Ыбырай Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты. 20 жыл. Буклет. – Алматы: Жақсылық, 1996.- 20 б.
3. Сыр еліндегі іргелі білім ордасы - Алматы: Арыс, 2007.- 432 б.
4. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне 70 жыл: Фотошежіре. - Алматы: Эверо, 2007.-232 б.
5. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары (Биобиблиографиялық анықтамалық) -Алматы: Атамұра, 2007.-384 б.
6. Бисенов Қ.А. Бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы тәжірибе мен басым бағыттар.- Алматы: Арыс, 2007.- 260 б.
7. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті: қалыптасуы мен даму жолдары - Астана: Фолиант, 2012.- 368 б.
8. Біз-түлектерміз - Астана: Фолиант, 2012.- 420 б.
9. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті: Фотошежіре - Астана: Фолиант, 2012.- 264 б.
10. Университет ақпарат айдынында (1998-2012 жж.) - Астана: Фолиант, 2012.-360 б.
11. Бисенов Қ.А. Университеттік білім беру: таным мен тағылым : Мақалалар мен сұхбаттар. - Астана: Фолиант, 2016.- 464 б.
12. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті. - Астана: Фолиант, 2017.- 192 б.
13. Қалдырған ізің мәңгілік - Астана: Фолиант, 2017.- 400 б.
14. Біз-түлектерміз - Астана: Фолиант, 2017.- 400 б.
15. Университет ақпарат айдынында (2012-2017 жж.) - Астана: Фолиант, 2017.- 400 б.

Мерейтойға тарту



Кітап Сыр өңіріндегі іргелі білім, ғылым, мәдениет орталығы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойына арналған. Еңбекте университеттің 2017-2022 жылдардағы даму барысы, сондай-ақ қазіргі заманғы инфрақұрылымы, инновациялық білім беру, ғылыми және әлеуметтік саласы бар инновациялық-кәсіпкерлік мазмұндағы жоғары оқу орнына айналдыру бағытында ұжымда атқарылып жатқан жұмыстар тізбегі баяндалады. Жоғарғы оқу орнының ел мен өңір экономикасының мүддесі тұрғысынан білікті кадрлар даярлау, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің сапасын қамтамасыз ету, білім алушыларды парасаттылық пен жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу ісіндегі жетістіктері сөз болады.

Кітап жалпы оқырман қауымға ұсынылады.



«Гибратты ғұмыр» сериясымен ұсынылып отырған бұл еңбекте «Құрмет» орденінің иегері, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, педагогика ғылымдарының докторы Бақытжан Әбдіқалықұлы Сайлыбаевтың өмір және еңбек жолы, азаматтық бейнесі, ғылыми-әдістемелік әлеуеті кеңінен сөз болады.

Ел ағалары, кейіпкердің замандастары мен достары, әріптес іні-қарындастары мен шәкірттері, ағайын-туыстарының естеліктері топтастырылған жинақтың тілі жатық, ойлары көшелі.

Кітап студенттерге, ұстаздарға және көпшілік оқырман қауымға арналған.

Жақсы кітаптар оқу – өткен замандардың ең жақсы адамдарымен әңгімелесу деген сөз, онда да әлгі адамдар бізге өзінің тек қана ең жақсы ойларын айтып беретін әңгімелесу.


Р. Декарт

Адамдық творчествоның барлық көріністерінің ішіндегі ең ғажайыбы және назар аударуға тұрарлығы – кітаптар. Кітаптарда өткен заманалар ойлары өмір сүреді, баяғыда-ақ сүйектері қурап қалған адамдардың дауыстары анық та айқын естіледі. Адам баласы жасаған, ойлап тапқанның бәрі, соның бәрі, бейне бір сиқырлап қойғандай, кітап беттерінде.

Т. Карлейль

Кітап - өмір ұстазы. Сондықтан жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес.

Серке Қожамқұлов



Түркі жұртының абызы Қорқыт есімін иеленген Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның қарашаңырағы – Қызылорда университетіне 85 жыл толғалы отыр.

Университеттің 80 жылдығында тұңғыш рет шыққан «Қалдырған ізің мәңгілік...» атты сериясының жалғасы бұл кітапта университеттің қалыптасуы мен дамуында өзіндік үлесі бар, бүгінде өмірден озған ұстаздар мен қызметкерлер туралы естеліктер мен мақалалар топтастырылған.

Бақылық болған жандарды ұлықтап, тағзым етуде олардың өмір мен еңбек жолы, адами болмыс-бітімі, ғылыми жетістіктері мен тәрбиелік тағылымы кейінгі ұрпаққа өнеге болмақ.

Кітап көпшілік қауымға және ізденімпаз жастарға арналады.



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген бұл кітапқа 2017-2022 жылдар аралығында республикалық, облыстық, қалалық баспасөз беттерінде жарық көрген, университет өмірінен сыр шертетін мақалалар, сұхбаттар топтастырылды. Сыр өңіріндегі білім мен өнер қарашаңырағының даму тарихын, әр жылдары атқарылған игі бастамаларды туындыдан танып-білуге болады.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.



Бүкіл түркі әлеміне ортақ Қорқыт баба есімін иемденген Сыр өңіріндегі білімнің қарашаңырағы, ғылым мен инновациялардың орталығы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің құрылғанына 85 жыл толып отыр.

Университет қазірде белгілі білім, ғылым және мәдениеттің ошағына айналды. Осы жылдарда оқу орнын елімізге ғана емес, алыс және жақын шетелдерге танымал тұлғалар бітіріп шықты. Олар еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани салаларын дамытып, өркендеуге өз

үлестерін қосуда.

Кітапта университетті әр жылдары бітірген түлектердің жүрекжарды лебіздері мен құттықтаулары жинақталған.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.



Құқықтық мәдениетті қалыптастыру-ортақ жауапкершілік

Жоғары оқу орнының негізгі міндеті сапалы кадр даярлау болғанымен, оның сан-салалы жұмыстарын ұйымдастыру мәдениетін сақтау, құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар, тәртіп бұзушылықтардың алдын-алу секілді жауапты қызметтері де бар. Әлбетте, оларсыз негізгі жұмысты көзге елестету де мүмкін емес. Осынау қатардағы қызметтердің бірі, Басқарма төрағасы – ректордың әкімшілік-құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшісі. Университеттегі бұл қызметті «Жауынгерлік айбыны үшін», «Отан қорғаушы» төсбелгілерінің, ҚР БҒМ Құрмет грамотасының иегері, «Таулы Қарабақтағы» қарулы қақтығысқа қатысушы ардагер Басығараев Нұрмантай Асқарұлы жеті жылға жуық уақыт атқарып келеді. Құқық қорғау саласында білікті маман болып, зейнетке шыққаннан кейін, білім саласының әкімшілік-құқықтық жұмыстарына кеңесші болу ұсынысы түскенде ол кісі түпкілікті шешімді ой елегінен байыппен өткізіп барып, қабылдағанын алға тартты.

Мерейлі мереке қарсаңында Нұрмантай Асқарұлымен әңгіміз төмендегіше жалғасты.

Алдымен, сізбен жақынырақ танысып алсақ...

-Жақсы. Мен Сыр өңірінің тумасымын. Сырдария ауданына қарасты Сұлутөбе ауылында дүниеге келіп, орта мектепті бітіргеннен кейін, еңбек жолымды «Бірінші май» кеңшарында жұмысшы болудан бастадым. Әскери борышымды өтеп келгеннен кейін, кеңшардағы жұмысымды жалғастырдым. Көп ұзамай Қарағанды жоғары милиция мектебіне оқуға қабылданып, оны тәмамдаған соң 1990-жылдары Тереңөзек аудандық ішкі істер бөліміне

оперативтік қызметкер болып орналастым. Әр жылдары облыстық сыбайлас жемқорлықпен күрес басқармасында, қаржы полициясы департаментінде, тергеу басқармасында түрлі деңгейдегі жауапты, басшылық қызметтер атқарып 2016 жылы полковник шенінде зейнетке шықтым.

- Лауазымдық қызмет аясындағы жұмыстарға тоқталып өтсеңіз?

- Лауазымдық міндеттер бойынша университет қабырғасында атқарылатын жұмыстардың заң аясында жүргізілуін қадағалау, қауіпсіздік бойынша іс-шараларды әзірлеудің өзектілігі айқын. Сондай-ақ, активтер мен пассивтерді оңтайландыруға бақылау жүргізу, ішкі және сыртқы қаржылық қауіпсіздікті анықтау, іс-қағаздарын жүргізу режимін бақылау, оқу орнының тауарлы-материалдық құндылықтары мен қаржылық ресурстарына қол сұғылмаушылықтың алдын-алу жұмыстары да ерекше мәнге ие. Жатақханалардағы тәртіп ережелерінің сақталуы, құқықтық құжаттардың қолданыстағы талаптарға сәйкестендірілуі, ішкі еңбек тәртібінің өз деңгейінде орындалуы, басқа да әкімшілік-құқықтық мәселелер күнделікті назардағы жұмыстар. Одан бөлек, университеттегі тәртіптік кеңестің төрағасы ретінде туындаған мәселелер бойынша заңдық тұрғыда түсіндіру жұмыстарын жүргіземін. Кеңеске келетін азаматтардың дүниетанымы әртүрлі. Біреуі ашуға булығып келеді, біреуі мәдениеттілік сақтауға тырысады. Жұмыс барысында мәселенің ушықпауына барынша ықпал ету - басты парызым. Ірі мекеме болғандықтан сырттан тексерулер келіп жатады. Кейде олардың қызмет бабын асыра пайдалануына жол бермеу жағын қадағалау қажеттігі туындайды. Ұстаздар арасында да келіспеушіліктер орын алып қалады. Ондай кездері әріптестердің өзара түсіністігін қалыптастыру маңызды. Мемлекеттік тапсы-

ры арқылы орындалған жұмыстардың сапасы талапқа сай болмаған жағдайда, олардың заңдық тұрғыда өз деңгейінде орындалуын үйлестіруге қатысамыз. Басты мақсат-университеттің материалдық құндылықтарын ысырап етпеу.

- Университеттегі қауіпсіздік қызметінің жастар тәрбиесіне ықпалы қандай?

- Құқықтану кафедрасы ұйымдастырған тәрбиелік іс-шаралары аясында жастарға патриоттық тәрбие беру тақырыбындағы кездесулерге қатысып тұрамын.

Жұмыс барысында студент-жастардың тәрбиесіне емес, ата-аналардың мәдениеттілік деңгейіне көңіл толмайтын сәттер жиі орын алып жатады. Ұрпақ тәрбиелеп отырған үлкендердің кемшіліктеріне куә болып отырғанда жастарды қалай жазғыруға болады? Демек, әрбіріміз ойланатын жағдай осы. Білім алушылар жоғары оқу орнының ережелерімен санасуға міндетті. Бұл орынды талап. Мысалы, сабақ үстінде телефонға жалтақтаған студенттің білім сапасы қандай болмақ? Міне, оқу орнында кемшіліктерге жол бермеу, болуы мүмкін келеңсіздіктердің алдын алу тектес шаралар біз тараптан атқарылатын жұмыстардың бір парасы ғана.

Орайы келген оңтайлы сәтті пайдаланып, халыққа жоғары білім беру саласында үздіксіз 85 жыл уақыт қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан киелі шаңырақ - университет ұжымын мерейлі мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын. Өз мамандығын жете меңгеріп, оқу орнының абыройын арттырып, атын асқақтатқан түлектеріңіз көп болсын. Еңбектеріңіздің жемісі мен жеңісін қатар көріңіздер.

- Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан: Р.Садуова

Эндаумент қорға 1 жыл

Эндаумент қорларының тарихы 1502 жылы Ұлыбритания королі Генри VIII-тің әжесі Маргарет Бофорт ханым Оксфорд және Кембридж университеттерінде дін кафедраларын жасау үшін қайырымдылық жасаған кезден басталады. АҚШ-та ең алғашқы эндаументті Гарвард университетінің түлектері құрды. Бұл Гарвардтың ең үлкен қоры және университет бюджетінің шамамен 33% құрайды.

Бұл ұғым Еуропа елдерінде ертеректен бар екен, бірақ елімізде бұл бастама беріде қолданысқа енгізілген десек, ЖОО тәжірибесіне 2018 жылдан бастап рұқсат беріліпті.

Дамыған елдердің тәжірибесінде сала бюджетінің үлес салмағының 30-40 пайызына дейін осы тектес қорлар құрайтын болып шықты. Нақтысы, «бюджеттің белгілі бір бөлігін кәсіпкерліктен түсетін салық құрауы қажет» деген меженің жүйеленген түрі болса керек.

Осы орайда жоғары оқу орындарына аталған бағыттың тетіктерін дұрыс түсіну үшін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті базасында «Қазақстанның Эндаументтері» І Форумы өткізілген болатын. Форум алаңында ЖОО-дары тек озық тәжірибелерімен ғана емес, сонымен қатар жұмыс барысында қорлардың алдында тұрған өзекті мәселелері талқыланды. Алдағы кезеңде, Эндаумент қорларының жұмысын шоғырландыруға, өзекті мәселелерді шешуге, кеңінен жариялауға және танымал етуге бағытталған қауымдастық құру жоспарланды.

Өзімізге оралсақ, университетте «Korkyt ata endowment» корпоративтік қорының құрылып, жұмыс жүргізіп келе жатқанына міне, тура бір жыл толып отыр. Университеттің білім, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру, жастар саясатын және жастар бастамаларын қолдау, аумақты абаттандыру, кітапхана қорын жаңарту, ғимараттарды қайта жаңғырту, білім алушылар үшін атаулы гранттар мен стипендиялар тағайындау, университеттің

инфрақұрылымын нығайту бағытын мақсат етіп отырған қор қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруға немесе өткізуге қатысуды көздейді.

Алдағы уақытта, Эндаумент қорының белсенді қызметі өз жемісін береді деген сенім бар.

Маржан БАЗАРХАНОВА
«Korkyt ata endowment»
корпоративтік қорының директоры



Білімге құштар әрбір жас орта мектепті тәмамдағаннан кейін жоғары білім алуға талаптанып, оқу орнына таңдау жасай бастайтыны анық. Осындайда аймағымыздағы білім мен ғылымның қарашаңырағы саналатын университетіміз талай жастардың арманына айналуы заңдылық. Басты себеп ретінде талапкерлер оқу орнының бай тарихы, білім берудің барлық талаптарына сай келетіндігін алға тартады. Орынды-ақ. Сондай жастардың бірқатары арманы шындыққа айналған «Осы оқу орнында оқып жүргенім мақтан тұтатын» университет студенттерінің пікірлеріне құлақ түрсек:



көшбасшылық қасиеттерімді дамытуға жол ашқан университетім мен үшін әрдайым алғашқы орында. Бүгінде мен «Ақиқат» саяси пікірсайыс клубының төрағасымын. Сонымен қатар, түрлі студенттік конференциялар мен, байқаулардың жеңімпазымын. Үшінші

ОСЫ УНИВЕРСИТЕТТЕ ОҚЫҒАНЫМДЫ МАҚТАН ТҰТАМЫН



Азамат Абимолда,
Гуманитарлық-педагогикалық институтының, «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының 4-курс студенті


Тамыры тереңге жайылған киелі оқу ордасы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне грантка оқуға түскенімде кеудемді қуаныш кернеп, ерекше әсерге бөлінген едім. Кезінде арман болған жоғары оқу орнын бұйырса келер жылы тамандаймын. Шыны керек, университеттің ең әуелі маған ұнайтыны білікті мамандардан тәлім алу. Ширек ғасыр бойы журналистиканың темірқазығын қағып, үзеңгіге аяқ салған шәкірттерін аламаннан оздырып әкелетін ұстаздарымның арқасында бұл мамандықтың ғұмыры ұзақ болатыны сөзсіз. Себебі олардың білім деңгейінің өзгелерден оқ бойы ілгері тұрғанының арқасында бүгінде үш стипендия иегері атандым. Әрине, бұл тынымсыз еңбек пен ізденістің нәтижесі. Десе де, әрбір мықты шәкірттің артында ұстаздары тұрады. Міне, Қорқыт Ата атындағы университеттің журналистика мамандығынан дәріс беретін ұстаздарының білімін, тәрбиесін алу арқылы бүгінде өз саламыздың жарқын белестерін бағындыруға жол ашылууда. Сондықтан, бұл университеттің студенті болғанымды мақтанышпен айта аламын.

Орынбасар Айжан Бекзатқызы,
Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы ГМУ 20-1 п/я студенті

Мен түрлі мүмкіндіктерге толы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде оқығанымды мақтан тұтамын. Университет маған түрлі бағытта дамуға үлкен мүмкіндіктер сыйлады. Тек мамандығым бойынша білім алып қана қоймай,

курстан бастап Президенттік шәкіртақының иегері болдым. Тек бұл ғана емес, өзім секілді әрдайым даму үстінде болуды қолдайтын жастардың ортасындамын. Бір бағыттағы достарымның көп болуы, осындай дарындылар білім алатын университетімнің арқасы. Білім алушыларын тек біліммен сусындайтып қана қоймай, өмірлік кеңестерін айтатын ұстаздарымыздың болуы, университетке деген мақтаныш сезімін тудырады. Ал, бізді әрдайым қолдап, түрлі мүмкіндіктер сыйлап жатқан басшылыққа деген алғысымыз шексіз.

Карл Нұрай Тельманқызы, Педагогика және дәстүрлі өнер институты «Музыкалық білім беру» мамандығының 3 курс студенті



Мен осы университетке түскеніме мақтанамын, өйткені, басшымыз Бейбіткүл Сәрсемханқызының сапалы білім алу үшін барлық жағдайды жасайтынын және де жастарға деген қолдауын сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Белсенді студенттерді жылына 2 рет демалысқа жіберіп тұрады. Оқытушыларымызды үлгі тұтамын. Осыған дейінгі қатысқан жарыстарым, жеңістерімнің барлығында ұстаздарымның үлесі мол. Мысалы: Шакирова Мақпал апайыммен бірге «Жеті өнер» сайысына барып, 1 орынмен оралдык. Университет қабырғасында жүрген кезеңдерде мұндай жетістіктер саны көптеп саналады.

Оралбай Аружан, Фил-21-1м тобының магистранты

Мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім алып жатқанымды мақтан етемін. Себебі, осынау қара шаңырақ қабырғасында қазақтың қаншама тұлғалары білім алған, еңбек еткен. Солардың қатарында, қазақ поэзиясында өзіндік сара жолын сала білген Дүйсенбек Аяшұлы, Еле-



на Әбдіхалықова сынды ақын аға-әпкелеріміз бар. Осы тұлғаларға дейін де, кейін де білім ордасынан қаншама мықтылар түлеп ұшты. Білікті маман даярлау, ең бастысы тұлға тәрбиелеу жолында талмай еңбек етіп келе жатқан әрбір оқытушыға толағай табыс, мұқалмас жігер тілеймін!

Қорқыт ата университетінің Жастар әні

Әні Үкітай Ерниязов
Сөзі Әл-Фараби Бекарысұлы

Айналған аты аңызға,
Біздің Қызылордамызда
Әлемнің кереметі бар.
Сақтаған дәстүр-ғұрыпты,
Ұстаздары да ұлықты,
Қорқыт университеті бар.

Қайырмасы;
Сыр елі Жырдың арнасы,
Қорқыттай білім ордасы,
Ғылым мен өнер мекені.
Жарқырап тұрған жұлдызы,
Қорқыттың әрбір ұл-қызы,
Еліме еңбек етеді.

Танымы терең тәлімді,
Ұғатын әркез жаныңды,
Табылар қымбат досыңда.
Біздегі оттай жүректен,
Дүние жүзі дір еткен,
Жеңімпаздар да осында!



Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тексеріліп, №331-Г куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ -
әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

Жауапты редактор:
Раушан Кенжетайқызы

Техникалық редактор:
Асқар Алданышұлы

SYR TULEGI
student jastar gazetі

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.